

Музыка жетекшісінің 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

«Балбөбек» бөбекжай-бақша

Топ: ерте жас тобы

Балалардың жасы: 1 жастан.

Жоспардың құрылу кезеңі: сәуір айы, 2022-2023 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сәуір	Музыка	<ul style="list-style-type: none">- шығармашылық әрекет түрлеріне қызығушылықтарын ояту;- балалардың байқампаздығын дамыту;- көрнекі-кимылдық ойлауды, есті, қиялды, зейінді, қабылдауды дамыту;- қоршаған орта туралы түсініктерін байыту. <p>Балалардың музыканы есте сақтауын дамыту, таныс музыкалық шығарманы көтеріңкі көңіл-күймен қабылдауға баулу, оны соңына дейін тындауға үйрету.</p> <p>Музыка тындау.</p> <p>Әннің әуені мен сөздерін тындау, музыкалық шығарманы, көңілді және баяу сипаттағы әндерді эмоционалды қабылдау.</p> <p>Ән айту.</p> <p>Айналадағы дыбыстарға еліктеу арқылы ән айтуға қызығушылықты ояту (мысалы: мысық мияулайды, ара ызындайды). Ән айту кезінде балаларды белсенділік танытуға ынталандыру, ересектің орындауындағы әннің сөздерін бірге</p>

қосылып айту (дыбыстарға еліктеу, сөз тіркестерін қайталау).

Музыкалық ырғақты-қимылдар.

Музыкамен жүру, жүгіру, заттармен қарапайым қимылдар орындау: жалаушаны жоғары көтеру, оларды желбірету, сылдырмақты сылдырлату, ересектердің көрсетуі бойынша қарапайым би қимылдарын орындау.

Қимылдарды ойын әрекеттерінде қайталау, оларды дыбыстармен және сөздермен сүйемелдеу.

Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.

Қоңырау, сылдырмақ, асатаяқ аспаптарын сылдырлатып ойнауға (қатты- ақырын сылдырлату) үйрету. Барабан және ағаш қасықтарды соғып ойнау.